

## Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЖМЗЖ ЗА) 169,20 млрд.теңгені<sup>1</sup> құрады.

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельіндегі борыштық қаржы құралдарын (ҮТМ) өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,50% құрады.

ЖМЗЖ ЗА қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдары бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельінің құрылымы

Атауы	01.01.2024 жылға ағымдағы құны	01.10.2024 жылға ағымдағы құны	01.10.2024 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	-	150,10	88,71%	100%
ҚРҰБ депозиттері	-	2,32	1,37%	100%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай каражат	-	0,75	0,45%	100%
РЕПО операциялары	-	16,02	9,47%	100%
<b>ҚРҰБ басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА жиынтығы</b>	-	<b>169,20</b>	<b>100,00%</b>	<b>100%</b>
Зейнетақы жарналары шотындағы ақша	-	0,79		
<b>ЖМЗЖ ЗА жиынтығы</b>	-	<b>169,99</b>		

млрд.теңге

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельіне ұлттық валютаға номинирленген қаржы құралдары ғана кіреді.

### Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

ЖМЗЖ ЗА портфельінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік айдағы ағымдағы құны 6,62 млрд.теңгеге ұлғайды және 150,10 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 88,71% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 13,41% құрайтын 6,18 млрд.теңге (номинал құны бойынша 6,94 млрд.теңге) сомасына ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды.

Есептік күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,38% құрады.

### ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есептік күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 2,32 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,37%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 13,25% орташа алынған кірістілікпен 3,29 млрд. теңгені құрады.

### Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Басқарудың басынан бастап ЖМЗЖ ЗА бойынша есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 9,19 млрд.теңгені құрады.

2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша басқарудың басынан бергі кезең үшін ЖМЗЖ ЗА кірістілігі 8,87% құрады.

<sup>1</sup> зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша есебінсіз

**Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат**

ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының<sup>2</sup> талаптарына сәйкес келеді. 2024 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 2-кестеде көрсетілген

**2-кесте. ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері**

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (ЖМЗЖ ЗА жалпы көлемінен пайыздарбен)	Орындал уы (иә/жоқ)
	Инвестициялық шоттағы ақша	0,45%	
	РЕПО операциялары	9,47%	
1	<b>Қазақстандық қаржы құралдары:</b>	<b>90,09%</b>	иә
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	88,71%	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	1,37%	иә
1.3	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:	0,00%	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
2.2	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	0,00%	иә

**ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат**

**3-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал құны теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	6 938 104 000
<b>Жиыны</b>			<b>6 938 104 000</b>

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы